


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ - ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттерге қолдау көрсету жұмысы бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Тараз, 2020

Әзірлеген:

«Білім» факультетінің деканы
п.ғ.к. доцент м.а. А.С.Құрманбекова
«Жалпы педагогика» кафедрасының
доцент м.а.,п.ғ.к. Ускенбаева Ж.А.

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті Ғылыми кеңесінің
« 08 » 10 2020 № 01 мәжілісінде талқыланып, мақұлданды
(Кезектi емiс бiтiсi Формаш Кеңесi)

КІРІСПЕ

Білім берудегі инклюзия білім беру процесінің барлық қатысушыларына жоғары талаптар қояды.

Даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерден ол ерекше күш - жігерді - тұлғаның зияткерлік және психологиялық ресурстарын талап ететін болса, дені сау студенттерден-толеранттылық, түсіністік, көмек көрсетуге дайын болу, яғни оларды адамгершілік пен этика тұрғысынан тексереді.

Алайда, бұл сонымен бірге ДМШ студенттері бар топтармен жұмыс жасайтын оқытушыларға да қиындық тудырады.

Айта кететін жайт, физикалық оқыту ортасының материалдық дайындығы және қажетті арнайы оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін толыққанды білім беруде өте маңызды болғанымен, жалғыз компонент емес.

Сондықтан, инклюзивті тәжірибені жүзеге асырудағы ТИГУ саясаты әлеуметтік зияткерлікті дамытуға, әр студенттің дамуы және университеттің қоғамдық өміріне қатысуы, кәсіби және тұлғалық өсу мүмкіндіктері мен перспективаларын жекелік іске асыру қажеттілігі идеяларын өзектендіруге бағытталады.

Әрбір студенттің жеке басын қабылдау идеясы олардың әрқайсысының ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

I. ТИГУ-де инклюзивті практиканы іске асыру шарттары

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде инклюзивті практиканы кешенді қолдаудың нақты және тиімді жүйесін ұйымдастыру үшін төмендегідей шарттар айқындалды:

білім беру процесіне қатысушылардың барлығының инклюзивті білім беру философиясы мен қағидаларын қабылдауы;

"кедергісіз" білім беру ортасын құру;

инклюзивті білім беру міндеттерін іске асыру үшін даярланған кадрлардың болуы;

мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру әдістері мен формалары; шынайы инклюзияны қамтамасыз ететін арнайы кабинеттің болуы.

Алдын-ала жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, мүмкіндігі шектеулі студенттер тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау, психикалық денсаулықты сақтау және дамыту, әлеуметтік белсенділікті және тұтастай тұлғаны дамыту мәселелерін шешуде психологиялық қолдауды қажет етеді. Психологиялық қолдау жұмыстары төмендегілер арқылы жүзеге асырылады:

- бейімдеу бағдарламаларын құру (мүгедектігі бар адамдардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, нозология бойынша));

- жеке тұлғаны дамытуға, стресске төзімділікті қалыптасыруға, өмірлік қиындықтарды жеңу стратегияларын, коммуникативті, шығармашылық іскерліктер мен дағдыларды дамытуға бағытталған әлеуметтік-психологиялық тренингтік бағдарламаларын өткізу;

- мүгедек студенттерді өзін-өзі реттеу тәсілдеріне үйрету;
- шартты түрде дені сау құрдастарымен бірлесіп жүргізілетін жеке және топтық консультациялар түрінде психологиялық көмек көрсету.

- даму мүмкіндіктері шектеулі студенттердің оқу процесін психологиялық ерекшеліктеріне байланысты педагогикалық сүйемелдеу, мысалы, есту патологиясы бар студенттерге арналған дәрістердің тірек конспектілері, көру патологиясы бар студенттерге арналған дәрістердің аудиожазбалары;

- жеке өзгерістердің динамикасын зерттеу мақсатында университеттің оқу процесінде даму мүмкіндіктері шектеулі студенттерге кешенді психодиагностикалық зерттеулер жүргізу.

Мүмкіндігі шектеулі студенттерге психологиялық қолдау көрсетудің жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін тек психокоррекциялық әсерлерді қолдану жеткіліксіз. Бұл психокоррекциялық жұмыстар психологиялық әсердің басқа түрлерімен де, атап айтқанда, ЖОО - да оқу кезеңінде мүгедек студенттерді психологиялық қолдаудың бірыңғай стратегиясын құрайтын психологиялық ағарту, психопрофилактика, оқытушыларға ақпараттық білім беру жұмыстарымен бірге әрекет етеді.

II. Тірек-қимыл аппараты, көру қабілеті бұзылған студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау

Оқу процесіне байланысты жүктемелер кейде қарапайым студенттер үшін де ауыр, ал даму мүмкіндіктері шектеулі студенттер үшін қатты стресс, тіпті жүйке бұзылыстарын да тудыруы және олардың физикалық жағдайын айтарлықтай нашарлатуы мүмкін. Мұндай студентке берілген уақытта материалды игеру (сенсорлық ақаулар болған кезде), жауап беру (сөйлеу ақаулары болған кезде), ал мұғалімге оны тыңдау қиынға соғады. Бұл жағдай басқа студенттер тарапынан да түсіну мен әдептілікті қажет етеді. Сабаққа бөлінген уақыт үй тапсырмасын сұрау барысында барлық студенттерді қамтуға жеткіліксіз болуы мүмкін, ал жауап беруге уақыт жетпей қалған студенттер реніш пен тітіркенуді сезінсе, даму мүмкіндігі шектеулі студент болса, өз кезегінде жауап беруден қорқады, өйткені "ол үшін" қалғандарына уақыт жетпей қалады, осыдан ұйымдастырушылық проблема туындайды.

Шындығына келгенде, мұндай студентке жеке тұрғыдан қарау кейде басқаларға зиян келтіреді.

Сондықтан білімді тексерудің басқа нысандарын әзірлеуді немесе осы білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның білімін жеке тексеруді қажет ететін талаптарды бейімдеу маңызды. Бұл тәсілді жүзеге асыру үшін оқу тобының басқа мүшелері тарапынан да түсініспеншілік қажет болады.

Егер мұндай студенттер бірнешеу болса, олар топ ішінде бөлек шағын топ құрайды, бір бірімен қарым-қатынас жасайды және басқалардан бөлек, "өздерінің" ортасында өмір сүреді. Егер мұндай студент топта жалғыз болса,

топтың оны қабылдамау мәселесі өте өткір болады. Оқытушы тек оқу процесіне назар аудару арқылы, бұл проблемадан бас тарта алады, болмаса топ ішіндегі қарым-қатынасқа тікелей араласуға тырысады. Бірақ соңғысы әрдайым нәтижелі бола бермейді. Сондықтан, сұрақ туындайды: араласу керек па әлде жоқ па?

Егер оқытуға ғана көңіл бөліп, тәрбиелеу жағын елемейтін болсаңыз, онда араласпау нақты жауап болып есептеледі. Араласпағанда, жағдай табиғи топтық динамикаға сәйкес қалпына келуі мүмкін, бірақ бұл көбінесе топ мүшелеріне де, дамуы шектеулі студенттің өзіне де, ең алдымен олардың адами қасиеттеріне байланысты.

Егер тәрбиені кез-келген оқу процесінің құрамдас компоненті деп санасақ, оқытушының бұл сұраққа жалғыз жауабы араласу стратегиясы болуы мүмкін.

Егер оқытушы мәселеге белсенді араласса, дамуы шектеулі студент оның қолдауын сезінеді, бірақ бұл басқа студенттердің қабылдамауы мен наразылығын тудыруы мүмкін. Егер мүмкін болса, оқытушыға шетте қалу психологиялық тұрғыдан қиын, бұл оған қосымша стресс әкеледі. Сол себепті, дамуы шектеулі студенттермен жұмыста оқытушының тәрбиелік араласуын жүзеге асыру бойынша ұсыныстардың қажеттілігі туындайды.

Студенттермен жекелік жұмыстарды жүзеге асыру. Жекелік жұмыс барысында оқытушының студенттермен өзара байланысы екі нысан арқылы түсіндіріледі - 1) Жеке оқу жұмысы (консультациялар), яғни оқу материалын қосымша түсіндіру және мүдделі студенттермен материалды тереңдетіп зерделеу 2) жеке тәрбиелік жұмыс.

Пән бойынша жеке кеңес беру оқытушы мен студент арасында, әсіресе, дамуы шектеулі студентпен байланыс орнатуға және оқуды жекелендіруге ықпал ететін маңызды факторға айналады. Осындай консультациялар барысында дамуы шектеулі студенттердің оқу материалын меңгеруіндегі жеке қарқынына байланысты көптеген мәселелер шешіледі. Студенттік топтарда мүмкіндігі шектеулі студенттер болған жағдайда, оқу жоспарында студенттермен жеке жұмыс істеуге көбірек уақыт бөлу керек.

Кейде мүмкіндігі шектеулі студенттердің жеке жұмысқа деген нақты сұранысы болады, оны тәрбиелік-психологиялық жұмыс деп те атайды. Олар оқытушымен түрлі сұрақтар аясында: тұрмыстық проблемалардан бастап, жеке қарым-қатынас мәселелерін және дүниетаным сұрақтарына дейін талқылай келе, белсенді байланыс орнатады. Мұндай сұраныс эмоционалды әлеуметтік қолдауды іздеудің бір түрі болса, ал пән бойынша кеңес алуға сұраныс аспаптық әлеуметтік қолдауды іздеудің бір түрі болып табылады.

Мұнда эмоционалды, зияткерлік және ерікті өзіндік реттеу тәсілдерін игеруге, сонымен қатар, оларға басқа студенттермен толыққанды тұлғааралық қарым-қатынас орнатуға, студенттер тобында жайлы психологиялық орта қалыптастыруға көмек қажет.

Инклюзияға бағдарланбаған білім беру мекемелерінде оқытушылар пән мамандары ретінде және психологиялық тұрғыдан студенттермен жұмыс жасауға дайын емес болады. Бірлескен білім беруді сауатты ұйымдастыру

оқу процесінің тиімділігін, оқу процесіне қанағаттану деңгейін, студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға, әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға, мүгедек студенттердің әлеуметтік интеграциялану деңгейін арттыруға және білім беру процесінің барлық қатысушыларының жеке басын дамытуға ықпал ететін болады.

Көру қабілеті және тірек-қимыл аппараты бұзылған студенттерді біріктірудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде арнайы білімді, қажетті педагогикалық технологиялар мен әдістерді меңгерген оқытушы қарастырылады.

Инклюзивті білім беруде үйлесімді психологиялық климатты құрудың тиімді әдістерінің бірі әлеуметтік-психологиялық тренингтер болып табылады.

Мұндай тренингтер қысқа уақыт ішінде студенттердің бір-бірімен тұлғааралық қарым-қатынас орната алуына, топ қатысушыларының тұлғалық ерекшеліктерін танып білуіне және ашуына көмек көрсетеді, көру қабілеті және тірек-қозғалыс аппаратының бұзылысы бар студенттерге бейімделу және ұжымға ену кезеңінен жылдамырақ өтуге мүмкіндік береді.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды нәтижелі қолдауды іске асыру үшін студенттер қатарынан еріктілердің қызметі маңызды болып табылады.

Олар үшін "Әлеуметтік ортада денелік мүмкіндіктері шектеулі адамдарды түсінуге қалай көмектесуге болады" тренингі жасалды, оның бағдарламасына 3 негізгі жаттығулар кіреді.

1. "Өзіңізді тірек-қимыл аппараты бұзылған адам ретінде елестетіңіз".
2. "Өзіңізді есту қабілеті нашар адам ретінде елестетіңіз".
3. "Өзіңізді көру қабілеті нашар адам ретінде елестетіңіз".

Тренинг денелік шектеулердің болуымен байланысты күнделікті тіршілік әрекетінің кедергілері туралы өз түсініктерін кеңейтуді; осы кедергілердің тіршілік әрекетінің дербестігіне әсерін барынша азайту құралдарында қазіргі қажеттіліктерді (қоғамда кең таралған стереотиптерге сәйкес үйреншікті емес) түсіну мүмкіндігінің пайда болуын болжайды;

талданған нозологиялық топтардың әрқайсысының өкілдерімен өзара әрекеттесудің тиімді әдістері туралы білімді тереңдету.

Әдебиет көздерінде мүмкіндіктері шектеулі студенттердің ерекшеліктері туралы қайшылықты мәліметтер бар: В.А. Мамот көру қабілеті шектеулі адамдарда ситуациялық және жеке мазасыздыққа қатысты мәліметтер келтіреді.

Автор көру қабілеті нашар адамдардың бейімделуіне кедергі келтіретін, өмірлік стереотиптерін бұзатын, эмоционалды ыңғайсыздық пен айқын созылмалы күйзелісті тудыратын депрессия, қорқыныш, мазасыздық сияқты құбылыстарды анықтайды.

Сонымен қатар, Александрова, Лебедева және Леонтьевтің зерттеулерінде келтірілген мәліметтер бойынша, кейде инклюзивті білім беру жағдайында оқитын студенттердің негізгі жеке көрсеткіштері (өмірдің мәні, өмірге тұрақтылық, белгісіздікке төзімділік) дені сау құрдастарынан

ерекшеленбейтінін айтады. Жалғыз айырмашылық даму мүмкіндігі шектеулі студенттерде субъективті әл-ауқат сезімі айтарлықтай төмен болады.

Мұндай студенттерде компенсаторлық механизмдер тиімді жұмыс жасайды, бұл оларға дені сау адамдармен бірдей деңгейде оқу бағдарламасын игеруге мүмкіндік береді.

Алайда, мұндай теңдікті сақтау бағасы кейде олар үшін өте жоғары болғандықтан, бұл студенттер осал келеді, олармен жұмыс жасау кезінде әдептілік пен назар аударуды қажет етеді. Сонымен қатар, дені сау адамдармен қатар оқыту оларға күш, өзіне деген сенім мен оптимизм береді, бірақ бұл олардың зияткерлік, физикалық және психоэмоционалды ресурстарына жоғары талаптар қояды.

Негізгі проблемалар эмоционалды тұрғыдан болады: мазасыздық, депрессия, эмоционалды күйлерін білдірудегі қиындықтар, импульсивтілік, стандартты емес жағдайларда тез және икемді жауап қажет болған кезде қиындықтар.

Ғалымдардың зерттеулерінде көру қабілеті бойынша бұзылыстары бар студенттерде кездесетін көптеген қиындықтардың ішінде университеттегі бейімделу кезеңінде коммуникативтік қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын кедергілер жиі кездеседі. Олардың университет студенттерімен және оқытушыларымен тұлғааралық қарым-қатынасты ұйымдастыра алмауы көбінесе психологиялық, ақпараттық және әдістемелік сипаттағы көптеген мәселелерді жедел және нәтижелі шешуге мүмкіндік бермейді.

Осы санаттағы студенттердің қарым-қатынасындағы кедергілер көру және қозғалыс бұзылыстары жоқ адамдар тарапынан оларға теріс көзқарас туралы ойлардың болуынан пайда болады.

В. В. Мурашконың зерттеу нәтижелері бойынша, көру қабілеті бұзылмаған студенттер көзі көрмейтін курстастарына қысқа мерзімде көмек көрсетуге дайын, бірақ ұзақ уақыт өзара әрекеттесуге тырыспайды, дамуы шектеулі құрдастарымен бірлескен іс - әрекеттен аулақ болады, олармен ұжымда жұмыс жасамауды жөн көреді, бос уақытты бірге өткізуден қашқақтайды, бірлескен әлеуметтік-тұрмыстық қызметке дайындығы төмен.

Көптеген зерттеушілер (Ю.И. Кочеткова, В.З.Денискина және т. б.) ұжымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің бейімделуін жеңілдететін факторларға коммуникативтілікті жатқызады. Бұл жеке тұлғаларды топқа біріктіретін интегративті сапа, ал көру қабілеті нашар адамға ұжымға енуге көмектеседі. Сондай-ақ, студенттік ортаға сәтті ену үшін оның өз ақауын түсінуі және дұрыс көзқарастың болуы маңызды; қоғам оны қабылдауға әлі дайын емес екенін түсіну; өзін қабілетті тұлға ретінде, толыққанды өмір сүруге, білім алуға және жұмыс істеуге қабілетті адам ретінде сезіну.

Дамуы шектеулі студенттерді бейімдеудің көптеген аспектілері жастардың тек жеке күш-жігерімен ғана емес, оларға құрдастарының, оқытушылардың, қызметкерлердің назары, достық қарым-қатынасы, сонымен қатар университет құрылымында ұйымдастырылған ерекше білім

беру қажеттіліктері бар студенттерге көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары арқылы да сәтті жүзеге асырылуы мүмкін.

Тәжірибе көрсеткендей, мүмкіндігі шектеулі студенттердің ұжымға кіруін қиындататын ең көп таралған себеп-физиологиялық бұзылыстары жоқ студенттермен өзара әрекеттесу қорқынышы. Бұл студенттік ортаға кіруге кедергі келтіреді және психологиялық, ақпараттық және әдістемелік сипаттағы көптеген мәселелерді жедел және нәтижелі шешуге мүмкіндік бермейді.

Көру қабілеті бұзылған студенттердің оқу процесін ұйымдастырудың ерекшелігі ақпаратқа қол жетімділіктің шектелуіне байланысты. Жазық шрифтпен басылған оқу әдебиеттерін өз бетінше оқу, ақпаратты тақтадан немесе проектор экранынан қабылдау мүмкіндігінің болмауы зағип студенттер үшін университетте оқу процесін едәуір қиындатады. Сондықтан бағдарламалық жасақтаманың болуы маңызды. Мысалы, Cobra (Baum redes, Германия), Jaws for Windows (Freedom scientific, АҚШ), Window eyes (Gwmicro, АҚШ).

Жоғарыда айтылғандай, университетте мүмкіндігі шектеулі студенттерге тиімді қолдау көрсетуде оқытушы маңызды рөл атқарады. Факультетте көптеген пәндер бойынша дәрістер мен семинар сабақтар бірлесіп өткізіледі. Сонымен қатар, мұғалім дәріс пен семинар сабағының барысын икемді түрде қайта құра білуі керек, аралас аудиторияның қажеттіліктерін ескере отырып, материалдың өзі де, оны ұсыну әдісі де бейімделуі керек.

Дамуы шектеулі студенттер, қарапайым студенттерден айырмашылығы, қабылдаудың, материалды өңдеудің, білімді бақылаудың аралық және қорытынды формаларын орындаудың өзіндік ерекшеліктеріне ие. Мысалы, көрнекі презентациялар есту қабілеті нашар студенттерді тиімді оқыту үшін қажет. Ал көзі нашар көретін студенттер ақпаратты есту арқылы жақсы қабылдайды.

Көру қабілетінің ақауының орнын толтыруына, сондай-ақ алаңдататын визуалды ынталандырудың болмауына байланысты, олардың есту қабілеті мұндай бұзылыстары жоқ студенттерге қарағанда, кейде жақсы және көлемді білім алуға мүмкіндік береді.

Екінші жағынан, нашар еститін немесе көзі көрмейтін студенттердің түсінуі және игеруі үшін жеткілікті күрделі тақырыптар бар.

Сонымен, "көрнекі қабылдау" тақырыбын түсіндіре отырып, оқытушы визуалды презентацияға түсініктеме беруі керек, тактильді салада мағынасы жақын ұғымдарды табуы керек, ұсынылған сызбаларды, суреттерді және т. б. дауыстап түсіндіруі керек.

Әрине, туғаннан бастап зағип адамға қызыл немесе жасыл түс деген не екенін елестету қиын, бірақ бұл материал негізінен олардың интеллектуалды танымына қол жетімді емес дегенді білдірмейді! Зағип жандар, егер олар бағдарлама аясында осындай мүмкіндік берсе, қабылдау, есте сақтау және ойлау деңгейінде түс ұғымын жақсы меңгереді. Сондықтан әр түрлі білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қойылатын талаптар барлық студенттер

үшін бірдей бағдарламада икемді түрде өзгереді. Бұл талаптар тек мазмұнды тұрғыдан алынған білім сапасының өзгермелі критерийлерін ғана емес, сонымен бірге жеке (белгілі бір студент үшін оңтайлы) оқу қарқынын және алынған білімді аралық және қорытынды бақылау әдістерін жасауға қатысты.

Мұның бәрі инклюзивті білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Әдетте, көру қабілеті және тірек-қимыл аппараты бұзылған студенттерге (жазбаша конспектілеуде қиындықтары бар) дәрісте диктофонды, үйде материалды қайта өңдеу үшін, пайдалануға рұқсат етіледі. Қашықтықтан білім беру жағдайында өткізілетін сабақтардың аудиосын жазып алу ұсынылады.

Егер мүмкіндігі шектеулі студенттерге өз бетінше баяндама жасау, көпшілік алдында сөйлеу, презентациялар жасау қиын болса, онда оқытушы практикалық сабақтарға дайындықтың топтық нұсқаларын қолдана алады.

Мысалы, тірек-қимыл аппараты бұзылған студент материалды ауызша ұсынуда қиындықтарға тап болады, сондықтан ол дербес компьютерлік презентация жасайды, ал группаластарының бірі түсініктеме береді. Нашар көретін немесе зағип студент тақтада көпшілік алдында сөйлеуде өзін ыңғайсыз сезінетіндіктен, оған орнынан жауап беруге рұқсат етіледі. Есту қабілеті нашар студенттер аралық есеп беру мен қорытынды бақылаудың жазбаша нұсқаларын таңдайды, ал көру қабілеті нашар адамдар мен церебральды сал ауруы бар кейбір студенттерге тек ауызша есеп беру және емтихан түрлері қол жетімді.

Мүмкіндігі шектеулі студенттер санаты үшін ақаулардың орнын толтырудың маңызды шарты-бұл электронды түрде өз бетінше жұмыс істеуге арналған бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдары, материалдардың болуы.

Көп жағдайда оқу процесіне әдеттегі студенттер мен дамуы шектеулі студенттер арасында ынтымақтастықтың, өзара қолдаудың, бір-біріне толерантты қарым-қатынастың әртүрлі нысандары көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі әр студенттің оқу процесінде өзін-өзі тиімді әрекет етуін және университеттегі білім беру бағдарламасының икемділігін арттыру үшін қажет.

Әдебиеттер:

1. Александрова, Л. А. Психологические ресурсы личности и социально-психологическая адаптация студентов с ОВЗ в условиях профессионального образования / Л. А. Александрова, А. А. Лебедева, В. В. Бобожей // Психологическая наука и образование.- 2014. - № 1.- С. 50-62. - Библиогр. : с. 62.

2. Ахметова, Д. Инклюзивному образованию – быть / Д. Ахметова // Высшая школа XXI века : альманах. – 2014. – № 21. – С. 72-73.

Нормативтік-құқықтық база:

Барлығына арналған дүниежүзілік білім беру декларациясы (1990 ж.)

Мүгедектерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері (1993)

Саламандық декларация: ерекше қажеттіліктері бар адамдардың білім беру саласындағы қағидаттары, саясаты және практикалық қызметі туралы (1994 ж.)

Дакар іс-қимыл шеңбері. Барлығына арналған білім: (2000 ж.)

Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы (2006 ж.)

Балалардың дамуын, өмір сүруін, қорғалуын қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік декларация

Дүниежүзілік білім беру форумының құжаттары

Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы